



Құрметті студент!

2017 жылы «Ауылшаруашылық ғылымдары - 2» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B080300	«Аңшылықтану және аң шаруашылығы»	1. Орнитология 2. Териология 3. Аңдар мен құстарды аулау техникасы және аңшылықтану 4. Биотехния және жабайы жануарларды өсіру

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
 1. Орнитология
 2. Териология
 3. Аңдар мен құстарды аулау техникасы және аңшылықтану
 4. Биотехния және жабайы жануарларды өсіру
2. Тестілеу уақыты - 180 минут.
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.
6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға
қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Орнитология

1. Қазіргі құстардың мынадай отряд үстіне бөлінеді:

- A) Қаз тәрізділер
- B) Төстілер
- C) Жүзгіштер
- D) Қоқиқаздар
- E) Маймаққаздар
- F) Түйекұс тәрізділер

2. Түйе құстың биологиялық ерекшелігі:

- A) Мойны ұзын
- B) Саусақтарында жарғағы бар
- C) Саусақ саны екеу
- D) Құйрық қауырсыны ұзын
- E) Сирақтары қысқа
- F) Таулы аймақтарда мекендейді

3. Қоқиқаздың биологиялық ерекшелігі:

- A) Сирағы жолақ және ұзын
- B) Құйрық қауырсыны ұзын
- C) Орманда мекендейді
- D) Өлекселермен қоректенеді
- E) Қанаттары қысқа және доғал
- F) Мойны ұзын

4. Қырсыз төстілерге жататын құстар отряды

- A) Нанду тәрізділер
- B) Дауылпазтәрізділер
- C) Тырнатәрізділер
- D) Казуартәрізділер
- E) Африка түйекұстары
- F) Көкектәрізділер

5. Қаз тәрізділерде балықпен қоректенетін жақсы сүңгітін құс:

- A) Үлкен бейнарық
- B) Сұр қаз
- C) Сарыала қаз
- D) Өзен үйректері
- E) Секпілтөс бейнарық

6. Таулы аймақтарда мекен ететін құстар:

- A) Гималай ұлары
- B) Қасқалдақ
- C) Бөдене
- D) Кекілік
- E) Дала шілі
- F) Алтай ұлары

7. Қоқиқаз тәрізділер отрядына жататын құстарға тән белгілер

- A) Тұщы көлдерде мекендейді, тек балықтармен қоректенеді
- B) Тұмсығы қысқа және тік, үшкір біз тәрізді келеді
- C) Мойындары ұзын болып келеді
- D) Полигамдар
- E) Алдыңғы саусақтары жақсы дамыған және жарғақпен жалғасқан
- F) Моногамдар

8. Жыртқыш құстарға тән биологиялық ерекшеліктер

- A) Қаурсындарының реңі өте әсем болады
- B) Құйрық безі нашар дамыған
- C) Мамық қауырсындары денесінің кейбір жерінде болмайды
- D) Жұмыртқаларын еркектері басады
- E) Полигамды

9. Сандуғаш тұқымдасының физиологиялық және экологиялық ерекшеліктері:

- A) Солтүстік Америкада таралмаған
- B) Ұзындығы 30 см-ден бастап
- C) 36 түрі Оңтүстік Америкада таралған
- D) Салмағы 70 грамм
- E) Ұзындығы 7-28 см

10. Полифаг қоректі құстар:

- A) Орман қарға
- B) Тау шақшақай
- C) Қоқиқаз
- D) Ұзақ
- E) Қара қарға

11. Стенофаг қоректі құстар:

- A) Қасқалдақ
- B) Бөдене
- C) Бірқазан
- D) Ұлар
- E) Күшіген
- F) Балшықшы түйғын
- G) Безгелдек

12. Қырғауыл тұқымдастарына жататын құс түрлері

- A) Ақ құр
- B) Меңіреу құр
- C) Құр
- D) Мысыр тауықтары
- E) Ұлар
- F) Кекілік
- G) Дала шілі

13. Аталған қаз тәрізділер отрядының қызыл кітапқа енгізілген түрлері:

- A) Сұңқылдақ аққу
- B) Қараша қаз
- C) Қызыл жемсаулы қарашақаз
- D) Барылдауықүйрек
- E) Бізкүйрықүйрек
- F) Қытай қазысы
- G) Сарыалақаз

14. Таукүдіреттер тұқымдасының өкілдері:

- A) Қарабас өгіз шағала
- B) Бөрте балшықшы
- C) Дуанбас
- D) Құмдауық
- E) Үлкен балшықшы

15. Ұзынқанат тәрізділер отрядының тұқымдастары:

- A) боздақтар
- B) зымырандар
- C) кептерлар
- D) шағалалар
- E) ұзынқанаттар
- F) дуадақтар
- G) көкқарғалар

16. Тырналар тұқымдасына тән белгілер:

- A) Қанаттары қысқа
- B) Ұяларын бір-біріне жақын салады
- C) Жас құстарда басы толық қауырсынмен қапталған
- D) Мойындары және аяқтары ұзын
- E) Тұмсығы жасылдау-сұр, аяқтары қара

17. Қарабалшықшылар тұқымдастары өкілдерінің қоректері:

- A) Судағы омыртқасыздар
- B) Құрттар, шаянтәрізділер
- C) Балықтар
- D) Су жыландары
- E) Су өсімдіктері

18. Колония түрінде ұя салатын құстар:

- A) Ұлар
- B) Қарабас шағала
- C) Таукүдірет
- D) Қара жемсаулы гагара
- E) Барылдауық үйрек
- F) Көкқарға
- G) Құр

19. Бәбісек немесе сасық көкектердің ерекшеліктері:

- A) Тұмсығы ұзын, төмен иілген
- B) Қауырсын реңі қара түсті
- C) Ірі құс, қарғадан ірілеу
- D) Тұмсығы қысқа және тік болып келген
- E) Денесі шағын (70 грамм шамасында)
- F) Жұмыртқасын негізінен еркек дарағы бастырады
- G) Салымында не бәрі 1-2 жұмыртқа салады

20. Шағалалар тұқымдасы түрлерінің анықтамасы және тіршілік ететін аймағы:

- A) 16 туысқа жататын, барлығы 68 түр бар
- B) Ұшуы тез
- C) Оңтүстік жарты шарда пайда болған құстар
- D) Көкірегінің артқы жағында 4 жұп кескіні бар
- E) Тұмсығының ұшы сәл ғана майысқан
- F) Тау- жоталардың басына ұя салады
- G) Тұмсығы қысқа, түзу емес

21. Герпетофагтар құстар:

- A) тауық тәрізділер
- B) хатшы құс
- C) мұнтазқұстар
- D) қаздар
- E) жұмаққұстар
- F) тауық тәрізділер

22. Жапалақтәрізділер тұқымдасына жалпы сипаттама:

- A) Қауырсындары қатты
- B) Есту қабілеті жақсы дамымаған
- C) Ұйқы бездері жұп
- D) Жұмыс істейтін соқыр ішектері дамымаған
- E) Асқазаны кішкентай
- F) Өті жоқ
- G) Көздері үлкен, шыны линза тәрізді

23. Торғайтәрізділер тұқымдасының биологиялық ерекшеліктері:

- A) Орбитаүсті бездері бар
- B) Өті болмайды
- C) Базиптеригоидты өскіндері жоқ
- D) Мойын омыртқалары жоқ
- E) 14-15 мойын омыртқалары бар

24. Сұқсыртәрізділер тұқымдасының биологиялық ерекшеліктері:

- A) Жіліншігі тегіс емес
- B) Құрғақ жерде тіршілік ететін, үлкен құстар
- C) Ұяларын жар тастарға салады
- D) 20-25 мойын омыртқалары бар
- E) 4-5 апталығында ұшуға бейім болады
- F) Жүгендері қауырсынданбаған

25. Көкектәрізділер тұқымдасына сипаттама:

- A) Салмақтары 20 граммнан 1 кг дейін
- B) 60-90 күн жұмыртқа басады
- C) Балапандары 2 ай ішінде қауырсынданып, ұшуға дайын болады
- D) Инкубациясы 100 күн
- E) Ұясында 10-13 жұмыртқалары бар
- F) Постэмбриональдік дамуы тез

**Орнитология
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Териология

1. Желілілер жануарлар патшалығының ең жоғары типінің тармақтары:

- A) Бас сүйектілер
- B) Аңдар
- C) Сүйекті балықтар
- D) Құстар
- E) Дөңгелек ауыздылар

2. Қазақстанның сүтқоректілерін зерттеудегі, бірінші кезенді зертеуші саяхатшы ғалымдар:

- A) Н. А. Зарудный
- B) П. П. Сушкин
- C) И. М. Лепехин
- D) С. Г. Гмелин
- E) В. А. Догел
- F) М. Н. Богданов

3. Қазақстанда сүтқоректілерді зерттеуде қомақты үлес қосқан ғалымдар:

- A) Пак С.М.
- B) Досжанов Т.Н.
- C) Сабаншиев М.С.
- D) Бекенов А.
- E) Есжанов Б.
- F) Исембеков Ж.М.
- G) Догель В.А.

4. Жұпар тышқандар туысына жалпы морфо-биологиялық сипаттама:

- A) Жартылай су жануары
- B) Жұпар иіс бөлетін құйрық асты тері безі бар
- C) Жұпар иіс шығаратын тері безі жоқ
- D) Қазақстанның Оңтүстігінде кездеседі
- E) Алдыңғы аяқтары артқы аяқтарынан екі есе ұзын
- F) Құлақ қалқаны болмайды

5. Тағатұмсықты жарқанаттардың ерекше белгілері:

- A) Құлақ қалқандары жапырақ тектес, жұқа
- B) Құлақ қалқаны өте кішкентай, қыймылсыз
- C) Басқа туыстарға қарағанда денесі өте ірі
- D) Жылына екі рет көбееді
- E) Емшектері шатының арасында орналасқан
- F) Дене температурасы жыл мезгіліне байланысты өзгермейді

6. Жыртқыштар отрядына тән ерекшеліктер:

- A) Негізгі қоректері етті азық
- B) Ұрық қапшықтары дене қуысының ішіне қарай дамыған
- C) Жатыры бір мүйізден ғана тұрады
- D) Тістері жақсы жетілген, әсіресе жыртқыш тістері
- E) Сезім мұртшалары шамалы дамыған
- F) Аяқтарында тек 4 саусақтары болады

7. Қасқырдың Қазақша атаулары:

- A) Төбет
- B) Бөрі
- C) Сырттан
- D) Итқұс
- E) Көгілдір
- F) Арыстан
- G) Қабаған

8. Ор қоянның қорек жағынан бәсекелестері:

- A) Үй малдары
- B) Егеуқұйрықтар
- C) Шақылдақ
- D) Көртышқан
- E) Зорман

9. Аюдың буаз болу мерзімі:

- A) 7,5 ай
- B) 5 ай
- C) 8 ай
- D) 4,5 ай
- E) 6 ай
- F) 6,5 ай
- G) 7 ай

10. Қазақстанда Сусарлар тұқымдасына жататын сасық күзендердің жалпы сипаттамасы:

- A) Жылына ең аз дегенде екі рет ұрпақ береді
- B) Буаздық мерзімі 36-38 күн
- C) Жана туғандарының көзі ашық ширақ болады
- D) Өздері қазған індері терең және жайлы болады
- E) Терісі бағалы емес
- F) Екі түршесі кездеседі
- G) Қазақстанда сирек кездеседі

11. Мысық тұқымдасының биологиялық ерекшелігі:

- A) Саусақ ұшмен жүреді
- B) Құлақтары ұзын
- C) Тұрқы жалаң
- D) Тырнақтары өткір
- E) Табанын толық басады

12. Каспий итбалығының биологиялық сипаттамасы:

- A) Басы айқын бөлектеніп тұрады
- B) Саусақтарының арасында қалың жарғақтары болады
- C) Су астында бір сағатқа дейін шыдай алады
- D) Күшіктерін суда туады
- E) Құлақ қалқаны бар
- F) Каспий итбалығы тек Каспий теңізінде кездеседі

13. Суырлар туысына биологиялық сипаттама:

- A) Бір інде тек ересек дарақтары қыстайды
- B) Суырлар түнгі жануарлар
- C) Індері терең және күрделі
- D) Кәсіптік маңызы жоққа тән
- E) Қыста ұйқыға кетпейді
- F) Індеріне жем қорын жинайды

14. Құндыздың биологиялық ерекшелігі:

- A) Шоқтығының биіктігі 1 м. асады
- B) Салмағы 25 кг. болады
- C) Етпен қоректенеді
- D) Артқы аяғы жарғақпен жамылған
- E) Мойыны ұзын келген
- F) Тері жамылғысы ақ
- G) Күрек тістері едәуір ұзын

15. Жайралардың Қазақстанда кездесетін өңірлері:

- A) Түрген өзенінің аңғары
- B) Қостанай өңірі
- C) Маңғыстау облысы
- D) Солтүстік Қазақстан облысы
- E) Ақтөбе облысы

16. Кәдімгі тиіннің биологиясы, Қазақстанда таралу аймағы:

- A) Жылына бір рет 1-2 ұрпақ береді
- B) Маңғыстауда таралған
- C) Шығыс Қазақстанда, Солтүстік аймақтарда, Алматы облысында таралған
- D) Ұялары жер бетінен 4-12 м биіктікте орналасады
- E) Дамулары ағашта және інде тіршілік етуге бейімді
- F) Інін жерге бұталардың арасына салады

17. Аламан тәрізділер тұқымдасының өкілдері:

- A) Сұр суыр
- B) Орман тышқаны
- C) Жүнбалақ қосаяқ
- D) Орман қарақасы
- E) Дауыр атжалманы
- F) Ондатр
- G) Күміс түсті тоқалтіс

18. Қаптесерлердің (үй тышқаны) биологиясы:

- A) Қыста ұйқыға кетеді
- B) Азығы тек өсідіктердің жапырақтары
- C) Буаздық мерзімі 40 күн аралығы
- D) Жыл бойы көбейе береді
- E) Жылына бір рет ұрпақ береді
- F) Қояннан үлкен

19. Бессаусақты ергежейлі қосаяқтың биологиясы, Қазақстанда таралуы

- A) Балқаш көлінің солтүстік жағалауында таралған
- B) Қазақстанның солтүстік аймақтарында таралған
- C) Түн жануары
- D) Қыста ұйқыға кетпейді
- E) Сәуір айында қысқы ұйқыдан оянады
- F) Күндізгі жануар

20. Ақ бөкендер туысына жалпы сипаттама

- A) Құлақтары ұзын, денесін тік ұстап жүреді
- B) Кйүек кезі қыркүйек айы
- C) Олар қоныстарын аударып шөл, шөлейтті дала жағдайларына бейімделген
- D) Үстіңгі ерні салбырап етті тұмсыққа айналған
- E) Жаз айларында арқа түсі сарғыштанып жез түстес болады

21. Доңыздардың биологиялық ерекшеліктері:
- A) Ас қазаны көп камералы
 - B) Қыс айларында дамылсыз қорек іздеп жүреді
 - C) Аяқтары төрт саусақты
 - D) Күйет кезі қараша-қаңтар айлары
 - E) Қыста қопаларда жатады
22. Күйіс қайыратын отряд тармағына жататын аңдардың биологиялық ерекшеліктері:
- A) Бұғылардың аналықтарының мүйіздері болады
 - B) Қазақстанның тау текелері Бурабай тауларында кездеседі
 - C) Бұландардың аналығы жыныстық жағына үш жасында жетіледі
 - D) Маралдардың мүйіздері жыл сайын түсіп жаңаланып тұрады
 - E) Арқар көктемде түлеп, тамыздың екінші жартысында қысқы түктері өседі
23. Еліктерге тән белгілер:
- A) Негізгі қоректері тал бұқтақтары, шөпті өсімдіктер
 - B) Жылына бір рет төлдейді
 - C) Тек Оңтүстік Қазақстанда таралған
 - D) Дүниеге тек жалғыз төл әкеледі
 - E) Таулы аймақтарда жыл мезгіліне байланысты қоныс аударады
 - F) Негізгі қорегі дәнді дақылдар
 - G) Негізінен ашық даланы мекендейді
24. Қойлар туысына жататын арқарлардың 5-8 жасар құлжаларының дене бітімі
- A) Мүйіздері кішкентай
 - B) Шоқтығының биіктігі 105-112 см
 - C) Салмағы 110- 125 кг
 - D) Салмағы 50-60 кг
 - E) Жүндері сиректеу, қылшықсыз
 - F) Аяқтары қысқа
 - G) Дене тұрқы 156-168 см

25. Түйелердің биологиялық, морфологиялық ерекше белгілері:

- A) Түйелер туарда жатып боталайды
- B) Тұяқтары болмайды, ал оның орнында екі майысқан тырнақтары бар
- C) Қазақстанда қолда өсіруге бір өркешті нарды пайдаланады
- D) Буаздық мерзімі 2 жыл
- E) Асқазаны төрт камералы

**Териология
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Аңдар мен құстарды аулау техникасы және аңшылықтану

1. Аңшылық шаруашылықтарында жыртқыштарды жоюдың негіздері:

- A) Жыртқыш аңшының бәсекелесі
- B) Аң шаруашылығына пайдасы тимейді
- C) Аңшылықты жүргізуге кедергі келтіреді
- D) Ауру таратады
- E) Үй жандарларына шабуыл жасайды

2. Түтінді аңшылық оқдәрінің нөмірлері:

- A) №4
- B) №2
- C) №7
- D) №9
- E) №8
- F) №5
- G) №1

3. Ресейдің қазіргі кездегі тегіс оқпанды мылтықтарының модельдері:

- A) ИЖ-87, ИЖ-12
- B) МЦ 21-12, МЦ-20-20
- C) Лось-4, Медведь-3
- D) ИЖ 18е, ИЖ-27е
- E) Лось-3, Барс
- F) МЦ-30-09, МЦ-7-09

4. Серіппесі ішінде орналасқан қақпандар мен ауланатын кәсіптік аңдар:

- A) суырлар
- B) қоян
- C) бұлғын
- D) ондатр
- E) саршұнақ
- F) аламан

5. Картечпен ататын аңдар:

- A) елік
- B) қабан
- C) борсық
- D) қасқыр
- E) құну

6. Бұғыны аулау әдістері:

- A) із кесіп аулау
- B) ат үстінен аулау
- C) автокөліктен аулау
- D) траншеядан аулау
- E) иттің көмегімен аулау
- F) күркеден аулау
- G) окоптан аулау

7. Тұяқтыларды кәсіпшілік аулауы келесі құрама әдістермен жүргізеді:

- A) «вабаға»
- B) қоректенетін жерлерінде жақындап келу
- C) жасырын
- D) соқпақты
- E) автокөлітен

8. Аң терісінің қысқы түрлері:

- A) құндыз терісі
- B) тарбаган терісі
- C) қортышқан терісі
- D) кәмшат терісі
- E) қалан терісі
- F) суыр терісі

9. Аңшылық шаруашылығын ұйымдастыру жөніндегі есепте көрсетілетін тараулар:

- A) суда жүзетін құстың болуы
- B) ауылшаруашылық техниканың болуы
- C) техникалық қамтамасыз етілуі
- D) ауланатын фаунаның түрлік құрамы
- E) квалификациялы кадрлармен қамтамасыз етілуі
- F) ауданның географиялық орналасуы

10. Шаруашылық ішілік аңшылық ісін ұйымдастырудың негізгі міндеттері:

- A) аңшылық алқаптарды бонитеттерге бөлу
- B) аңшылық алқаптарды есепке алу
- C) топырақты талдау
- D) аңшылық алқаптарды есептеу
- E) аңшылық қоры туралы сенімді ақпарат алу

11. Аңшылық ісін ұйымдастырудың камералдық кезеңінде орындалатын жұмыстар:

- A) жоспарлы – картаграфиялық материалдары құру
- B) аңшылық алқаптарының бонитетін анықтау
- C) әртүрлі картаграфиялық материалдарды алу
- D) аңшылық алқаптарын алдын ала бониттерге бөлу
- E) шаруашылықтың шекарасын анықтау

12. Аңшылық ісін ұйымдастыру партиясының құрамы және саны:

- A) аңшылық ісін ұйымдастыру бонитетіне байланысты
- B) аңшылық ісін ұйымдастыру разрядына байланысты
- C) аңшылық ісін ұйымдастыру класына байланысты
- D) шаруашылықтық разрядына байланысты
- E) шаруашылықтық бонитетіне байланысты
- F) шаруашылық класына байланысты

13. Аңшылық алқаптарды экономикалық бағалау жолдары:

- A) кейбір қор түрлерінің санын есептеу
- B) аңшылық алқаптарды гидрологиялық бағалау
- C) қорды ұтымды пайдалануы
- D) аңшылық алқаптарды сапалық бағалау
- E) бүкіл қор түрлерінің санын есептеу
- F) аңшылық алқаптарды орман-шаруашылық бағалау
- G) аңшылық алқаптарды биологиялық бағалау

14. Соқпалы механизмі құрылысы бойынша аңшылық мылтықтардың түрлері:

- A) соқпалы
- B) баспалы
- C) винтовкалық
- D) шүріппелі - соқпалы
- E) бұрандалы
- F) ойындылы
- G) магазиндік

15. Тақтайшамен (плашка) ауланады:

- A) сусар
- B) қара түлкі
- C) түлкі
- D) қанатты құс
- E) ақкіс
- F) бұлғын

16. Ресейде шығарылатын аңшылық мылтықтардың түрлері:

- A) карабин
- B) тегіс оқпанды
- C) көпмақсатты
- D) қосалқы
- E) винчестер
- F) кольт
- G) шолақ

17. Серіппесі ішінде орналасқан тарелкалы қақпандардың құрылысының маңызды кемшіліктері:

- A) ауыр
- B) қауіпті
- C) құруға ыңғайсыз
- D) күрделі
- E) жеңіл

18. Орналастыру орнына байланысты қақпандардың жіктелуі:

- A) крестовинасыз
- B) рамасыз
- C) черкандар
- D) сыртқы серіппелі
- E) ізге
- F) жаншитын

19. Аңды аулау үшін қолданатын мото шаналары:

- A) «Иж»
- B) «Урал»
- C) «Ураган»
- D) «Рысь»
- E) «Бомбардир»
- F) «Сибирь»

20. Аңшылық алқаптарын жіктеу жолдары:

- A) отряд бойынша
- B) орналасқан жері бойынша
- C) шаруашылық бойынша
- D) жағдайы бойынша
- E) санаттан
- F) тип бойынша

21. Жабайы жануарларды селекциялық атып алу кезеңдері:

- A) жыл бойы бағалы емес аталықтарды сұрыптау
- B) көбеюге дейін 10 күн бұрын бағалы емес аталықтарды сұрыптау
- C) жыл бойы жарақат алғандарды атып алу
- D) көбеюге дейін 1 ай бұрын бағалы емес аталықтарды сұрыптау
- E) жыл бойы физиологиялық бағалы емес жануарларды атып алу
- F) аулау кезеңі біткеннен кейін 10 күн аралығында жарақат алғандарды атып алу
- G) аулау кезеңі біткеннен кейін бір айдың ішінде жарақат алған аңдарды атып алу

22. Құрама мылтықтар болады:

- A) төрт оқпанды
- B) жеті оқпанды
- C) бес оқпанды
- D) сегіз оқпанды
- E) алты оқпанды

23. Шамалы иісі бар балық, жаңа ауланған балық, шіріген балық жақсы еліктіргіш бола алады:

- A) құндызға
- B) сары күзенге
- C) суырға
- D) саршұнаққа
- E) жұпар тышқанға

24. Ақкісті аулау үшін қақпандарды қою жерлері және қолданатын еліктіргіштер:

- A) жағалаулар
- B) иісті
- C) сулы шағын аралдар
- D) қуыста
- E) індер
- F) жеміс
- G) қоректік

25. Тұзақ жасау үшін қолданылатын материалдар:

- A) жуан сым темір
- B) сиыр қылы
- C) жіңішке жіп
- D) қой жүні
- E) жылқы қылы
- F) жұмсақ сым
- G) қармақ жібі (леска)

**Аңдар мен құстарды аулау техникасы және аңшылықтану
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Биотехния және жабайы жануарларды өсіру

1. Ерекше қорғалатын табиғи аймақтар:

- A) мемлекеттік мекемелер
- B) орман-аңшылық шаруашылықтары
- C) ұлттық бақтар
- D) қорықтар
- E) қорықшалар

2. Ормандағы тыныштық аймақтарына қалдыратын жерлер:

- A) Бұталары жоқ жерлерде
- B) Адамдардың тұрақтарына жақын жерлерде
- C) Өзен бойында
- D) Бұталар жақсы өскен жерлерде
- E) Ағаштардың қалың өскен жерлерінде
- F) Сайлы-салалы жерлерде

3. Ағаштарды кесу жұмыстарын жүргізу және тыным аймақтарды қалдырудың мақсаты:

- A) Техниканы қоятын орын ретінде
- B) Қар жинау үшін
- C) Ағаш кесушілер демалатын орын ретінде
- D) Ондай аймақтар қалдырылмайды
- E) Төлдер мен балапандардың жасырынатын орны ретінде
- F) Жануарлардың көбею орны ретінде
- G) Орманның қайта өсуі үшін

4. Орман қорғау үшін орындалатын шаралар:

- A) механикалық
- B) зоологиялық
- C) ботаникалық
- D) органикалық
- E) териологиялық

5. Қорек салынатын орынға және қоректерге қойылатын талаптар:

- A) Қорек ағзаға жағымсыз заттардан таза болуы керек
- B) Қорек арқылы ешқандай ауру тарамайтын болуы керек
- C) Жабайы жануарларға үй құстарынан қалған дәнді дақылдарды салуға болады
- D) Қоректердің қалдықтары өздігінен шіріп гумуске айналуы керек
- E) Жабайы жануарларды қоректендіруге үй жануарлардан қалған қалдықтарды пайдалануға болады

6. Жабайы жануарларды қоректендіруде қойылатын талаптар:

- A) жем шөп үнемі болуы
- B) жыртқыш аңдарға орындарын сақтау
- C) қоректендіру орындары таза болу
- D) қоректің ескірмеді
- E) жыл бойы пайдаланылуы
- F) буаз кезінде қоректендіру
- G) галечниктер орналастыру

7. Құстар организіміне қажетті минералды азықтар:

- A) май
- B) ақуыз
- C) витаминдер
- D) фосфор
- E) көмірсу
- F) кальций, микроэлементтер
- G) май

8. Дәруменді азық:

- A) ашытқы
- B) ұлу ұнтағы
- C) жүгері және тары
- D) сәбіз және қызылша
- E) балық майы
- F) балық ұнтағы
- G) күнжаралар

9. Кебекті азық мөлшері:

- A) азықтың құрғақ салмағының 8 % бөлігі
- B) азықтың құрғақ салмағының 20 % бөлігі
- C) азықтың құрғақ салмағының 6 % бөлігі
- D) азықтың құрғақ салмағының 14 % бөлігі
- E) азықтың құрғақ салмағының 18 % бөлігі

10. Қоректендіру уақытына және қоректендіру алаңына қойылатын талаптар:

- A) Қоректерді уақытында жеткізуге болатындай жол болуы керек
- B) Қоректендіру алаңына жылжымалы үйшік орнатып, онда күндіз-түні күзет қойылады
- C) Қоректендіру үздіксіз жүргізілуі керек
- D) Қоректі күніне бірнеше рет салады
- E) Қоректендіру алаңында пана болатындай өсімдіктер болуы қажет
- F) Үздіксіз қорек салып тұрудың қажеті жоқ
- G) Қоректі аптасына бір салып тұрса болады
- H) Қоректі көп қылып айына бір салса болады

11. Селекциялық атуды жүргізудің мақсаты:

- A) кәрі, әлсіз түрін ату
- B) алқапта аңның санын азайту
- C) жаралы жануарларды ату
- D) ауру жануарларды ату
- E) аңшылықтың алдында және кейін ату

12. Жыртқыш аңдар мен құстардың зиянды жақтары:

- A) Көптеген аңшылық жануарларын жояды
- B) Аңдар мен құстардың өлекселерін жейді
- C) Аңшылық жануарларды үркітіп, үйреншікті мекендерінен кетуге мәжбүрлейді
- D) Саятшылықта пайдаланылады
- E) Аңшылық трофейлер
- F) Қоректік байланыстың бір бөлігі

13. Реакклиматизация (қайта жерсіндіру) және жерсіндірудің тиімді болуының көрсеткіштері:

- A) Жаңа түрлерді жерсіндіру
- B) Жануарды, бұрын мекендеген, кейін құрып кеткен жерлерге жіберу
- C) Жануарларды шаруашылықтан өзге аймақтарға тарату
- D) Қалыпты өсіп-өнулері (биологиялық)
- E) Бір елден алынған жануарлардың тұқымын қайтарып беру
- F) Санының тұрақтауы және өсуі (экономикалық)
- G) Жануарларды шаруашылықтан өзге елдерге шығару
- H) Бір елден бір елге шығару

14. Жануарларды тасымалдау:

- A) Ірі жануарларды айдап көшіреді
- B) Тасымалдауға техника таңдалғанда жануарлардың биологиясы ескеріледі
- C) Жыртқыштарды топтастырып торларға қамап тасымалдайды
- D) Құстарды қапқа салып тасымалдайды
- E) Құстардың барлығында бір-бірден бөліп тасымалдайды
- F) Құстарды аяқтарын байлап тасымалдайды.
- G) Тасымалдағанда жануарларды шапшаң жеткізуге тырысады
- H) Құстарды торға, қораптарға салып тасымалдайды

15. Таңдап ұстағанда ауланатын жануарлар:

- A) Бірінші ұсталған жануарлар
- B) Кәрі жануарлар
- C) Енелерінен айырған төлдер
- D) Ауруға шалдықпаған жануарлар
- E) Буаз жануарлар
- F) Өздігінен тіршілік етуге бейімделмеген жануарлар
- G) Өздігінен тіршілік ететін жануарлар
- H) Жас жануарлар

16. Бұғыларды селекциялық ату:

- A) мықты экземплярларын ату
- B) бір жылдық мүйізі жіңішке бұқасын ату
- C) тоғыз жастағы аталықтарын ату
- D) бұқаларын ату
- E) жас төлдерін ату
- F) ұрғашыларын ату

17. Отырғызу материалының 1 га-ға кететін оптималды шығыны:

- A) 175-200 бұталар немесе қалемшелер
- B) 225-250 бұталар немесе қалемшелер
- C) 100 бұталар немесе қалемшелер
- D) 125-150 бұталар немесе қалемшелер
- E) 150-175 бұталар немесе қалемшелер

18. Қазақстанда, қазір өсірілетін құстардан басқа, өсіруге болатын аңшылық құстар:

- A) Бірқазан, қоқиқаз
- B) Қырман қазы, итала қаз
- C) Құр, саңыраукұр
- D) Шалшықшылар
- E) Су құзғыны, көк құтан

19. Екінші сағым уақытында дамыған ұрық:

- A) балапан шығады
- B) жұмыртқа ішінің кеңістігінің бәрін алады
- C) сары уыздың ішінде орналасады
- D) дамып келе жатқан балапан бейнесі көрінеді
- E) жұмыртқаның доғал басының аймағында орналасады
- F) жұмыртқаның сүйір басының аймағында орналасады
- G) ақуыздың ішіндегі қабыққа жақын ұрық дөңгелегінде орналасады

20. Аңшылық шаруашылығында биотехниялық шараларды жүргізу мерзімдері:

- A) табиғи апаттар мен ауа райының қолайсыз кездері
- B) қажет еткенде белгіленген уақыттарда жүргізу
- C) аңшылық жануардың саны тез төмендей бастағанда
- D) жыл мезгіл бойы жүргізіледі
- E) аңшылық шаруашылықта жануарға зиян келтіретіндердің саны көбейгенде
- F) шаруашылықта қаражат болғанда

21. Қуысты ағаштарды қалдырып орманның әр жерін кезекпен кесудің әсері:

- A) Құстардың сол маңда тұрақтануын жақсартады
- B) Жануарлардың барлық жағдайлары нашарлайды
- C) Ондай жұмыстарды жүргізуге болмайды
- D) Қорғаныш жағдайы төмендемейді
- E) Тек қана қорғаныш жағдайы нашарлайды
- F) Орманда тек ағаштарды толық кесу жұмыстарын жүргізу керек

22. Қазақстанда жерсіндірілген аңшылық жануарлардың түрлері:

- A) Борсық
- B) Теңбіл бұғы
- C) Америка бұғысы
- D) Америка қояны
- E) Суыр
- F) Сасық күзен

23. Қырғауылдардың шағылысу уақыты, жұмыртқаларының орташа және ең көп саны:

- A) Ең көп жұмыртқалағанда 160 – 180 жұмыртқа туады
- B) Наурыздың аяғынан мамырдың басына дейін
- C) Жұмыртқаларының орташа саны 4 – 6 жұмыртқа
- D) Жұмыртқаларының орташа саны 8 – 10 жұмыртқа
- E) Мамырдың аяғынан маусымның аяғына дейін
- F) Жұмыртқаларының орташа саны 40-55 жұмыртқа
- G) Ең көп жұмыртқалағанда – 120 – 150 жұмыртқа туады
- H) Ең көп жұмыртқалағанда 70 -80 жұмыртқа туады

24. Бөденелердің тобын құру жолдары және оларды асырау:

- A) Ересек жапон бөденелелерін сатып алу арқылы топ құрайды
- B) Қораларда асырайды
- C) Жетілдірілген бөденелерге арналған торларда топ құрайды
- D) Парктерде асырайды
- E) Табиғаттан аулап қолға үйрету арқылы топ құрайды
- F) Бөденелердің ұяларынан жұмыртқаларын алып инкубациялау арқылы топ құрайды
- G) Жапон бөденелелерінің жұмыртқаларын сатып алып инкубациялау арқылы топ құрайды
- H) Жапон бөденелелерінің балапандарын сатып алу арқылы топ құрайды

25. Қырғауылдың 1-30 күндік; 31-80 күндік; 81-150 күндік балапандарының рациондарындағы протеин мөлшері (пайыз):

- A) 1-30 күнде – 12%
- B) 81- 150 күнде – 18,2%
- C) 1-30 күнде – 8 %
- D) 31 – 80 күнде – 15%
- E) 81 - 150 күнде – 7%
- F) 31 – 80 күнде – 10%
- G) 1-30 күнде – 21,0%
- H) 31 – 80 күнде – 19,0%

**Биотехния және жабайы жануарларды өсіру
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**